



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ,
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ

АБАЙ

Шығармаларының
ақадемиялық
толық жинағы

БІРІНШІ ТОМ
Өлеңдері мен аудармалары



АЛМАТЫ 2020



**Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі,
Мәдениет және спорт министрліктерінің
бірлескен жобасы бойынша басып шығарылды**

М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми кеңесі ұсынған

**«АБАЙ. ШЫГАРМАЛАРЫНЫҢ
АКАДЕМИЯЛЫҚ ТОЛЫҚ
ЖИНАҒЫ» жобасын жүзеге асыру
жөніндегі РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС**

Көшербаев Қ. Е., төраға
Аймагамбетов А. Қ.
Райымқұлова А. Р.
Есдәulet Ү. О.
Жұртбай Т. Қ.
Кирабаев С. С.
Қасқабасов С. А.
Қорабай С. С.
Қыдыр Т. Е. Матыжанов К. И.
Мырзахметұлы М.
Мәдібаева Қ. Қ.
Раушанов Е. Ә.
Шапай Т. М. Шукіман Е. Т.

Редакция алқасы:

Матыжанов К. И. (төраға),
Қирабаев С. С., Мырзахметұлы М.,
Қасқабасов С. А., Жұртбай Т. Қ.,
Мәдібаева Қ. Қ., Қорабай С. С.,
Шапай Т. М., Қыдыр Т. Е., Шукіман Е. Т.,
Тұрсынбайұлы Б., Жұматаева А. Н.
Пікір жазғандар:
Филология ғылымдарының докторы, ҚР
ҰҒА-ның академигі Қамзабекұлы Д.,
филология ғылымдарының докторы,
ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі
Жақып Б. Ә.

Томның редакция алқасы:

Матыжанов К. И. (жалпы редакциясын
басқарған), Мәдібаева Қ. Қ. (жауапты
редактор), Шапай Т. М., Қыдыр Т. Е.,
Тұрсынбайұлы Б. (жауапты шығарушы),
Жұматаева А. Н.

**Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық
/ 1-томдық құрастырып, баспаға дайындағандар: Мәдібаева Қ. Қ.
(ғылыми түсініктерін жазған), Тұрсынбайұлы Б., Жұматаева А. Н.**

Абайдың шығармаларының академиялық кезекті толық жинағы ұлы ақынның
175 жылдық мерейтойна орай, колжазбалар мен ілki басылымдарға жүргізілген
текстологиялық зерттеулер негізінде кайта сарапланып, мазмұндық, мәтіндік,
құрылымдық тұрғыдан толықтырылып, жаңаша жүйеленіп басылып отыр.

Академиялық жинақтың бірінші томына ақынның өлеңдері мен аудармалары
топтастырылған.



*Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас Темірқазық іспетті.
Соган қарап тірлігіміздің дүрыс-бұрысын сараттай аламыз.*

*Оз халқын «жүргүт болсын, өссін, өнсін» дейтін әрбір азамат
әуелі Абайды оқысын, Абайга құлақ ассын.*

*Абай армандары – тек бір ғана ұлт ұстанатын мұраттар
емес, күллі адамзат ұстанатын мұраттар.*

*Асыл ұстаз өситет еткен абыз мұраттардың тек қиял бол
қалмай, нақты шындыққа, нақты әлеуметтік болмысқа айна-
лар-айналмасы, мына біздерге байланысты.*

*Ендеши, Абай өнегесі әрдайым көз алдымызда болгай! Қай
ісіміз де Абай армандаған биіктен көріне бергей!*

**Нұрсұлтан Назарбаев,
Қазақстан Республикасының
Тұнғыш Президенті – Елбасы**



Біз елді, үлтты Абайша суподі үйренуіміз керек. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады.

Гұлама Абай – қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады.

Қазақ елі барда Абай есімі асқақтай береді. Оның асыл сөздерін рухани байлығымыз ретінде жоспары ұстасақ, туган еліміздің әлем алдындағы абыройы арта берері сөзсіз.

Абай мұрасы – біздің үлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызга жол ашатын қастерлі құндылық.

Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбаганымыз абзал.

Абайдың өситет-өнегесі XXI ғасырдағы жаңа Қазақстанды ұлы биіктеге жетелейді.

**Қасымжомарт Тоқаев,
Қазақстан Республикасының Президенті**



АНДАТПА

Өркениетті елдерде әрбір классик қаламгердің академиялық толық шығармалар жинағының жарық көруі ұлт руханияты үшін үлкен мәдени құбылыс болып табылады. Мұндай басылымдарда суреткердің барлық әдеби, сынни, публицистикалық, қызметтік, эпистолярлық мұрасының қолжазба және баспа мәтіндері толық текстологиялық салыстырулардан өткізіліп, дәйекті де-ректермен көмкеріліп, ғылыми-анықтамалық түсініктемен жа-рақталып, қалыпты ғылыми жүйеге түседі. Мәтінтану ғылымы тұрғысынан жете сарапталған академиялық басылым жазушы шығармашылығы жөніндегі қоғамдық пікірді бір арнаға тоғыстырып, қалың оқырман қауымнан бастап, мектеп бағдарламалары мен оқулықтарын дайындаушыларға, жазушы шығармашылығын насихаттаушылар мен зерттеушілерге бағдаршам ретінде ұстанатын түпмәтінгे баланады. Классикалық мәтіннің өмір сүруінің өрісін кеңейтіп, оның отандық және әлемдік мәдениеттегі орнын айқындайды. Қаламгердің түрлі мақсаттағы жаңа басылымдарына темірқазық болып, ұлттық сөздік қордың құнарлы мәйегіне айналады.

Сондықтан әлемдік әдебиеттану ғылымында кеменгер қаламгерлердің академиялық басылымын даярлауға ерекше мән беріледі. Мәселен, Ресейдің «Пушкин үйі» («Пушкинский Дом») орыс әдебиеті институтында осындай айдармен 40-тан



астам классик ақын-жазушылардың басылымдарын электронды кітапханага жинақтау үстінде.

Ұлы Абай шығармаларының бұл академиялық басылымы да осы биік мақсаттың кезекті бір талпынысы ретінде жүзеге асырылып отыр. Ақын шығармаларының толық жинағын даярлап басып шығару ісі қашанды қындығы мол, жауапкершілігі жоғары, аса құрделі шаруа болып келген және бола да бермек. Биыл Абай мұрасын жинақтап, саралап, жүйелеп басып шығарудағы өз кезіндегі белесті еңбек болған ақынның екі томдық толық шығармалар жинағының жарияланғанына ширек ғасырдан асты. (Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы, 1995).

Тәуелсіздік туын көтеріп, егемендік алғаннан бергі уақыт аралығында заман адам танымастай өзгерді, қоғам жаңарды, әлемдік өркениетке еркін арапасып, рухани дүниеге жаңаша қаруадың үлгісін тани бастандық, жаңа әдістемелер мен технологиялар тасқыны да ағылып келіп жатыр, елімізде тәуелсіз сана орнығып, рухани жаңғыру үстіндеміз.

Осылың барлығы Абайдан қалған асыл мұраға мұқият қайта үңіліп, тың таным түргысынан саралауды қажет ететіні анық. Оның үстіне осы мерзім ішінде Абай мұрасына байланысты біраз мәселе қордалып қалды. Мұратануға қатысты соны деректер, тың көзқарастар, зерттеу бағыттарының жаңа өрісі ашыла бастанды. Сөз жоқ, мұның барлығы жаңа жинаққа қосымша жүк артатыны сөзсіз.

Соңғы кезеңде Абай шығармаларының араб әліпбіімен көшірілген қолжазбаларының саны оннан асты. (Олардың сипаттамасы 3-томға топтастырылды). Бұларды шартты түрде ақынның 1909 жылғы тұңғыш жинағы жарық көргенге дейінгі және аталмыш кітап басылып шыққаннан кейінгі көшірмелер деп екі топқа бөлуге болады. Алғашқы топқа жататын 5 көшірменің ушеуі (1905, 1907, 1910) Абай шығармаларының тұпнұсқасына



баланып жүрген Мұрсейіт Бікіұлының ақынның өз аузынан естіген немесе жазбаларынан хатқа түсіріп таратқан әйгілі көшірмелері. Сонымен қоса, бұл топқа Петербургтен кезінде академик Әлкей Марғұлан тапқан С. Шорманұлы мен В. А. Кудашев деген адамдардың қолымен жиналған екі жазба тағы бар. Қалғандары әртүрлі кезеңдерде 1909 жылғы кітаптың қайта көшірілген нұсқалары.

Әрине, бұл көшірмелердің қай-қайсысы болмасын мәтінтаңуда өзінше рөл атқаратын құнды мұрағаттар. Дегенмен, солардың барлығы әлі де толық қамтылып, өзара салыстырылып, жете сараланып, еркін ғылыми айналысқа түсे қойған жоқ. Тіпті, абайтанушыларға енді ғана мәлім болып жатқан жаңа жазбалар да жоқ емес.

Кейінгі жылдары Абай заманына байланысты біршама архив деректері, алаш арыстарының еңбектері, көзқөрғендердің естеліктері, шетел қазақтарынан табылған материалдар жарық көруде. Солардың елең еткізетін бір үлгісі ретінде тарихшы ғалым Амантай Исаұлы тауып жариялаған 1909 жылды Қазан қаласында басылып шыққан «Қазақ шиғырлары» (жырлары – ред.) деп аталатын жинақтан Абайдың сегіз өлеңінің табылуы («Абай» журналы, 1999, № 1). Бұл – осы уақытқа дейін абайтану ғылымының назарына ілінбеген тың дерек. Абайдың бұдан басқа да жаңа шығармалары, суреті табылды деген ақпараттар әлеуметтік желілерді дүрліктіріп жатады. Осындай ақпарат ағыны буырқанған заманда Абайдың асыл мұрасын кезеңдік ғылыми сарадан өткізуіндің маңызы барынша артып отыр. Оның үстіне, соңғы екі томдықтың өзінде жаңаша түсіндіретін жайлар, көшірмелерді окуда кеткен «әттегенайлар», саясат ағынына қарай жасалған өзгертулер, баспа тарапынан кеткен еміле, тыныс белгілік қателіктер де аз емес. Сондықтан да, ұлы ақын шығармаларына барынша кең текстологиялық зерттеулер жасай отырып, тың түсініктермен, мазмұнды материалдармен толықтырып,



жаңа сарамен жүйелеп, оқырманға жаңа академиялық басылым даярлап ұсыну әдебиеттанушы ғалымдардың кезеңдік парызы болуға тиіс деген ниетпен осы жоба жүзеге асырылды.

Күні бүгінге дейін Абай шығармалары жинақталып он (1909, 1922(24), 1933, 1939-1940, 1945, 1954, 1957, 1961, 1977, 1995) мәрте жарық көрген екен. Әрине, бұлардың барлығы бірдей академиялық басылым емес. Олар көлемі мен сапасы жағынан да алуан түрлі. Бұл басылымдарды салыстыра зерделесек, Абай шығармаларының жиналуды мен жариялануының қурделі де, қыын жолдан өткенін көреміз. Солардың ішіндегі академиялық сипатқа ие басылымдар, негізінен, М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдарының (М. Әуезовтың басшылығымен) күшімен дайындалған. Бұл орайда, аса зор табандылық пен терең білім-білік танытқан М. Әуезов еңбегіне бас иеміз, әлі күнге бағдаршам тұтамыз.

Дегенмен, бұл төңіректе әлі де түп тиянағын таптаған сауалдар, заманның ырқымен қалтарыста қалған немесе өзгеріске түсken ақын сөздері, көшірмелерді түрліше оқудан кеткен жаңсақтықтар, жазбаға түсіру, басып шығару кезінде кеткен техникалық қателер болмай қалған жоқ.

Оның үстінен, кезінде ұлы Мұхтар Әуезовтің де қолына байлау, аяғына тұсау салған кеңестік идеология Абай шығармаларының мәтінін саралап, жинақтап, жүйелеп жариялау ісіне де өз салқынын тигізді. Мәселен, Абай шығармаларындағы Шығыс әдебиетінен келген сарындарға, дінге байланысты ұғым-түсініктерге, Абайдың дүниетану, адамтану іліміне қатысты өзіндік ұстанымдарына жете мән берілмегенін еске салсақ та жеткілікті. Сондай-ақ Абай шығармаларын орыс әдебиетінің аударма жаңғырығы ретінде тану, оның төлтумалығына күмән келтіру сияқты көзқарастар да өктем болды.

Қазақ әдебиеттану ғылымында мәтінтану саласының тым кенже қалуы да бұл істі етектен тартпай қойған жоқ. Оның үсті-



не, Абай шығармаларына текстологиялық зерттеулер жүргізудің өзіндік құрделі объективті себептері де жетерлік.

Ең басты қыыншылық – ақын мұрасының өз қолымен жазылып, хатқа түсken нұсқасының бізге жетпеуінде және ақынның көзі тірісінде баспа бетін көрген өлеңдері де санаулы.

Екінші қыындық, Абай мұрасының бізге жеткен нұсқаларының барлығы дерлік араб әліпбійнде әсіресе, ескі (қадымша) арап жазуында жазылған. Бұл – мәтінді оқуда көп қыыншылық келтіреді. Өйткені бұл уақытта қазақ тілінің төл еміле ережелері (А. Байтұрсынов әліпбій шыққанға дейін) болмаған, бірнеше таңба бірігіп бір дыбысты беретін немесе дауысты дыбыстардың жазылмай қалатын жағдайлары өте көп еді. Оның үстінен араб, парсы тіліндегі сауаты әртүрлі адамдар қолымен, сол кезеңдегі Орталық Азиядағы түркі елдеріне ортақ «Шағатай» тілінің ыңғайына бейімделіп көшірлгенде мәтінтанушылар жұмысының қаншалықты қурделі екендігін байқатса керек.

Ушіншіден, ақын шығармаларын көшіріп әртүрлі жолмен елге таратқан адамдардың жазба нұсқалары да ала-құла. Жоғарыда айтқанымыздай, Абай шығармаларын түпнұсқадан қайта көшіріп, елге таратқан Мұрсейіт сияқты молдалар (Абай елінде олардың қатары он-шакты болған) ескі араб жазуында татар тілін араластырып жазып, кейде ауызша жадтарына сүйеніп еркін көшірген.

Абай шығармаларын алғаш жинақтап, жалпақ жүртқа таныстырған 1909 жылғы тұңғыш жинақтың Қекітай, Тұрағұл қолымен сараланған қолжазба нұсқасы да бізге жетпеді.

Абай өлеңдерінің құрылымына, кейбір сөздердің қолданылуына, мағыналық қисынына байланысты мәтінтанушы ғалымдардың пікірлері де ала құла, ал осындаida жас мамандарға көмекке келетін қазақ тілінің тарихи сөздігі де әлі күнге жасалған жоқ, сондықтан әркімнің білім-білігіне, ой қисынына, ішкі түйсігіне ерік беріледі.



Міне, мұның бәрі мәтінтанушы ғалымдардан араб жазуын ежелеп оки білетін сауаттылықты ғана емес, терен білім-білікті, ықылас пен ыждағаттылықты, төзімділікті, абайтанудың арғыбергі тарихына байланысты көп ізденісті талап ететін мехнатты шаруа. Осындай аса қурделі мәселелердің бұл жинақты даярлауда да мамандар алдында кесе қолденең тұрғанын айтпасқа болмайды. Сондықтан бұл басылым да осындай сансыз саудардың барлығына соңғы нүкте қояды деген ойдан аулақпыш. Ол – үздіксіз жүргізіліп отыратын мәтінтану ғылыминың мәңгілік мәселесі.

Абай шығармаларының барынша түгенделіп, ғылыми жүйеленген басылымы 1933 жылы Қызылорда қаласында жарық көрді. Жинақты құрастырып, алғысөзін жазған Ілияс Жансүгіров. Басына бұлт үйіріліп жүрсе де М. Әуезов өз қолымен жинаған және Абайдікі екеніне көңілі сенген көптеген өлеңдерді осы жинаққа жаңадан қосты. Сол сияқты ақынның тұнғыш кітабына енбеген, әртүрлі көшірмелер мен басылымдарда шашыраңқы жарияланып жүрген Абайдың прозалық шығармалары да алғаш рет «Қара сөздер» деген атпен осы кітапқа топтастырылып берілді. Соның нәтижесінде бұл жинақ ақын кітабының алғашқы толық жинағы болып шықты.

Ендігі мұрат – ақын шығармашылығы жөніндегі ел аузындағы бар мағлұматтарды жинақтауды жалғастыра отырып, шығармаларды текстологиялық түрфыдан саралау, ақынның шығармашылық лабораториясын зерттеп, шығармаларының қалыпты (канондық) нұсқасын қалыптастырып, академиялық басылымын әзірлеу деген сияқты ұшы-қыры жоқ зерттеу жұмыстарын жүргізу болатын.

Кейінгі, М. Әуезов өзі бас болған жинақтардың барлығында (1933, 1939–1940, 1945, 1954, 1957, 1961) осы мақсатқа жұмыс істеп, ақын мұрасын үнемі толықтырумен, абайтануды жетілдірумен болды. Бұл орайда, Ахат Шәкәрімұлы, Қайым Мұхамет-



ханұлы сияқты көнігі абайтанушылардың ел арасынан жинап, М. Әуезов сарасынан өткізе отырып, біршама жаңа шығармаларды жарыққа шығарғанын ерекше атап айтқан жөн. Қаншама рухани қыспақтан өтсе де ел ішінде бертінгө дейін қолжазба көшірмелердің табылып жатқандығы, ақын өлеңдерін бастан аяқ жатқа білетін адамдардың да жиі кездесетіндігі Абай мұрасына деген халық ықыласының өте жоғары болғандығының белгісі. Соның нәтижесінде, ұлы ойшылдың құрдымға кете жаздал қалған асыл мұрасының ұзын-ырғасы жинақталып, ел иглігіне айналды деуге болады. «Абай қалдырған мұраны тану керек, зерттеу керек дегенді бәріміз де түсіндік. Күннен – күн, жылдан – жыл өткен сайын осы істерге көніл бөліп, зер салушының саны молайып келеді», – деп қуана жазады ол жөнінде абайтану ілімінің іргетасын қалаушы (Мұхтар Әуезов. Шығармаларының 50 томдық толық жинағы. – Алматы, 2014. 15-т. 30-б).

Міне, содан бері ұлы Абайдың академиялық басылымын дағындауға деген талпыныс мерейтойлардың кезінде болса да оқтын-оқтын қолға алынып келеді. Эрине, әр басылымның өзіндік ерекшеліктері мен жетістіктері, эттегенайлары да қоса қабат.

Абай шығармаларына текстологиялық жұмыстар жүргізуде ақынның көзі тірісінде тасқа басылған түп мәтіннің болмауы қай кезеңде болмасын үлкен қыншылықтар туғызып келді. Бізге жеткен жазба нұсқалардың әркелкілігі, оларды оқудағы мәтінтанушылар пікірлерінің ала-құлалығы істі тіpten күрделендіре түседі. Міне, осы орайда, Абай шығармаларының алғашқы тасқа басылған реcми нұсқасы болып табылатын 1909 жылғы жинақтың маңызын ерекше атап көрсеткен жөн. Абай өлеңдерінің алғаш жинақталып жарық көрүі осы жинақтан басталады және оны әзірлеуге Абайдың ет жақын туыстары, шәкірттері Кәкітай Үсқақұлы мен Тұрағұл Абайұлы бас болып Мұрсейіт Бікіүлінан бастап ақын шығармашылығын жақсы білетін адамдар жұмыла атсалысқан. Ол кезеңде Абай өлеңдерін өз көздерімен



оқып, ет құлақтарымен естіген адамдардың көзі бар болатын. Бұл қолжазбаны кітап етіп бастыруға жолбасшы болған Алаш көсемі Ә. Бекейханов та оқыған, Абай жөніндегі алғашқы класикалық мақаланы жазған ұлт ұстазы А. Байтұрсынов та осы қолжазба нұсқа арқылы танысқан. Оның үстіне, ақын дүниеден озғаннан кейін бес жылдан соң баспа бетін көрген жинақтың әзірленуі әріректен, М. Әуезовтің айтуы бойынша, 1898 жылдардан басталады. Демек, біз үшін Абай шығармаларының алғашқы реңми басылымы ретінде бұл еңбектің маңызы ерекше.

Әрине, тұнғыш кітаптың да кезінде әртүрлі себептермен көптеген қателіктермен жарияланғаны абайтанушыларға аян мәселе. Оны кезінде Кәкітай Ыскакұлы мен М. Әуезовтен бастап, кейінгі мәтінтанушылар да атап көрсеткен.

Жаңа жинақта кітаптағы мәтіндер көшірме қолжазбалармен және кейінгі басылымдардағы нұсқаларымен салыстырылып, мәтінтанушылардың пікірлері қаперге алынып, редакция алқасында талқыланып қабылданды.

Мәтіндең дұдамал мәселелерді анықтауда аталмыш жинақ шыққанға дейін Абай шығармаларын көшіріп таратушылардың бүгінге жеткен жазбалары да көзден таса қалған жоқ. Солардың ішінде елге әйгілі Мұрсейіт Бікіұлының тұп мәтінге бара-бар көшірмелері де басты назарда болды. Ақынның ұрпағы Тұрағұл Абайұлының бізге жеткен Абай мұрасына арналған қолжазбасы мен естеліктері де осындай аса қымбат мұралар қатарында. Мұндан құнды көшірме-қолжазбалар ақын шығармашылығының аталған жинақтағы кеткен қателіктерді сарапаудаған емес, оған енбей қалған шығармаларды түгендеуде де үстеме мағлұматтар беретін бәсі жоғары материалдар. Мәселен, жинаққа әртүрлі себеппен енбей қалған өлеңдер мен «қара сөздер» деп аталатын прозалық шығармалардың дені осы көшірмелерде сақталған.

Сол сияқты ескі қадым жазуында татар ағайындардың қолқабысымен басылған жинақтың бүгінгіше оқылуында да тартыс-



ты мәселелер аз емес. Бұл орайда, жинақты ауызша жадқа сала отырып, А. Байтұрсынов әліпбіймен қайта көшірген қолжазбалардың да маңызы жоғары болды. Солардың ішінде профессор Т. Жұртбайдың ғылыми айналысқа енгізген Қытайдағы Шығыс Түркістан аймағында Зият Шәкерімұлының қолындағы Абайдың 1909 жылғы жинағы мен Шәкерімнің қолжазба дәптерімен салыстырылып көшірілген Шеріаздан Марсековтың және би-мағлұм «Хаткер-кәтіптің» (Т. Жұртбай) 1909 жылғы кітаптан көшіріген қолжазбалары да қаперге алынды.

Жаңа жинақты даярлау барысында алдыңғы абайтанушылар тәжірибелері барынша ескерілді. Ең алдымен, осы уақытқа дейін жарық көрген басылымдар салыстырылып, түгел қайта қаралды. Олардағы М. Әуезов қалыптастырыған ұстанымдар басты назарда ұсталды. Әсіресе, 1933, 1957, 1961 жылдардағы жинақтарға бас абайтанушы қолымен енгізілген жаңа шығармалар мен оған берілген түсініктер молынан пайдаланылды. Сол сияқты, Абайдың прозалық шығармаларын «Қара сөз» деген атаумен алғаш жүйелеп, ретін жасаған ұлы ұстаз ұстанымынан ауытқымауға тырыстық. Ал жаңа жинақтың мазмұны мен құрылымын жүйелеуде 1995 жылғы басылымды бағдар тұттық. Абай шығармаларының ең соңғы толық басылымы және тарихи-мәдени мұра ретінде ЮНЕСКО қорғауына алынған нұсқасы да осы жинақ болатын. Сондықтан да, осы еңбекті басты нысанда ретінде ала отырып, оның күрүлымы мен негізгі арқауын сақтауға тырыстық. Әрине, текстологиялық салыстырулар негізінде шығармалардағы ақаулықтар түзетілді, түсініктер түгелге жуық қайта жазылды.

Абайдың «қара сөздер» аталып кеткен ғақлиялық шығармалары да бүрын әр жерде жарық көрген нұсқаларымен салыстырылып, қайта қаралды. Жиі ұшырасатын араб-парсы сөздері мен діни терминдерге түсініктер (К. Төрәлі, П. Әуесбаева) берілді. Әсіресе, Абай қара сөздерінің ішіндегі ең күрделісі болып



саналатын 38 – қара сөзі (Китаби тастиқ – Иман кітабы) қайта аударылып, түпнұсқа транскрипциясымен қоса беріліп, ауқымды түсінік (Т. Қыдыр) жазылды.

Жинақ құрылымы Абайдың музыкалық мұрасымен толықтырылды (дайындаған музыкатанушы Е. Шүкіман, редакциясын қарағандар: Т. Қоңыратбай, Т. Шапай).

«Біраз сөз қазақтың тубі қайдан шыққаны туралы», «Сенатка хат», Абай белсенді қатысып, қолын қойған «Қарамола съезінде қабалданған Ереже» мен ақынның туысқандарына жолдаған бірер хаты түпнұсқаларымен астарластырылып берілді. Академиялық толық шығармалар жинағының үшінші томына ақынның тұнғыш жинағының (1909) литографиялық көшірмесі мен қазіргі қазақ жазуына түсірілген нұсқасы, Мұрсейіт Бікіұлы көшірмелері бастанқан он бір қолжазбаның кеңейтілген сипаттамасы берілді. Жинақ ауқымына сыймай қалған материалдар толығымен Институт сайтындағы «Абайтанудың электронды кітапханасына» жинақталатын болады.

Жаңа академиялық шығармалар жинағын әзірлеуге, мәтіндерге текстологиялық салыстырулар жасап, ғылыми түсініктерді сараптан еткізуғе ҰҒА академиктері: С. Қирабаев, С. Қасқабасов, ҰҒА корреспондент-мүшесі К. Матыжанов, филология ғылымдарының докторлары: М. Мырзахметов, Т. Жұртбай. Қ. Мәдібаева, филология ғылымдарының кандидаттары: Т. Шапай, С. Қорабай, П. Әуесбаева, Т. Қыдыр, жас мамандар Б. Тұрсынбайұлы, А. Жұматаева қатысты.

Өлеңдер мен поэмалардың мәтіндерін баспаға әзірлеп, түсініктерін жазған – Қ. Мәдібаева. Қара сөздер мен басқа да прозалық шығармаларды жинаққа әзірлегендер – С. Қорабай мен Т. Қыдыр.


Қолжазбалардың толық сипаттамасын жасап, 1909 жылғы жинақты қазіргі қазақ емлесіне түсірген, шығармалардағы араб-



парсы сөздері мен діни терминдерге түсінік беріп баспаға әзірлегендер – Т. Қыдыр мен П. Әуесбаева.

Шығармалардың алфавиттік және есімдер көрсеткішін, пайдаланылған әдебиеттер тізімін Б. Тұрсынбайұлы мен А. Жұматаева жасады.

Редакция алқасынан



ӨЛЕНДЕРІ МЕН
АУДАРМАЛАРЫ



Абыралыға («Мен жасымнан көп көрдім») 6
 «Адасқанның алды – жөн, арты – сокпақ» 21
 «Аска, тойға баратұғын» (М. Ю. Лермонтовтан) 79
 «Ата-анага көз куаныш» 80
 «Ал, сенейін, сенейін» (М. Ю. Лермонтовтан) 103
 «Антпенен тарқайды» 108
 «Аш карын жұбана ма майлы ас жемей?» 122
 «Адамның кейбір кездері» 144
 Альбомға («Сал демеймін сөзіме ықыласынды») (М. Ю. Лермонтовтан) 154
 «Алла деген сөз женіл» 157
 «Ауру жүрек ақырын соғады жай» 175
 Ала койлар («Бір таудағы хайуанды бір арыстан») (И. А. Крыловтан) 188
 «Адам – бір бок көтерген боктың қабы» 196
 «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» 214
 «Асая той, тентек жиын, опыр-топыр» (М. Ю. Лермонтовтан) 216
 Элифби («Әлиф-дек ай йузіне ғибрәт еттім») 4
 «Әм жабықтым, әм жалықтым» (М. Ю. Лермонтовтан) 14
 «Әуелде бір сұық мұз – ақыл зерек» 53
 «Әсемпаз болма әр неге» 113
 Әбдірахман науқастанып жатқанда («Я, құдай, бере көр») 114
 Әбдірахманға («Алланың рахматын») 115
 Әбдірахманға Қекітай атынан хат («Тілім, саған айтайын») 116

Әбдірахманға Қекітай атынан хат («Көзімнің нұрысызы») 117
 Әбдірахман өлгенде («Арғы атасы қажы еді») 126
 Әбдірахман өлгенде («Тұла бойың үят, ар едің») 129
 Әбдірахман өліміне («Жиырма жеті жасында») 130
 Әбдірахман өліміне («Талаптың мініп тұлпарын») 131
 Әбдірахманға («Орынсызды айтпаған») 132
 Әбдірахман өлген соң өзіне айтқан жұбатуы («Берменен құлға, қайтесін») 133
 Әбдірахманның әйелі Мағышка Абайдың айтқан жұбатуы («Жылағанды тоқтатып») 134
 Әбдірахманның әйелі Мағышка Абай шығарып берген жоқтау («Айналайын, құдай-ау») 135
 Әншілер («Көршіні көрши шақырды») (И. А. Крыловтан) 187
 «Әйелің – Медет қызы, аты Ырым» 223
 Бородино (М. Ю. Лермонтовтан) («Айтши, аға, не ғып женелдік») 10
 «Байлар жүр жиган малын корғалатып» 19
 «Бір дәурен кемді құнге – бозбалалық» 22
 «Базарға, қарап тұрсам, әркім барап» 25
 «Бөтен елде бар болса» 35
 «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол» 38
 «Болыс болдым, мінеки» 46
 «Біреуден біреу артылса» 47
 «Білімдіден шықкан сөз» 49
 «Білектей арқасында өрген бұрым» 59
 «Бай сейілді» 73

АЛФАВИТТІК КӨРСЕТКІШ

«Бойы бұлған» 100
 Баймагамбетке қатынының атынан шығарылған («Әжінің жақсы-ақ қызы едім») 102
 «Балалық өлді, білдін бе?» 123
 «Бір сұлу қыз тұрыпты хан колында» 141
 «Босқа әуре боп келдің бе тағы мұнда?» (М. Ю. Лермонтовтан) 164
 «Болды да партия» 168
 Бақа мен өгіз («Карасан, тым-ак көп») (И. А. Крыловтан) 191
 «Буынсыз тілің» 212
 «Бөстегім, құтылдың ба Қетібактан?» 224
 «Ғылым таппай мақтанба» 27
 «Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол» 54
 «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» 111
 «Ғашықтық іздел тантыма» (М. Ю. Лермонтов) 151
 Фабидоллаға («Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын») 161
 «Ғалымнан надан артпас ұққанменен» 221
 Дүйсенқұлға («Саудайы-ай, сауды алмадың-ау, сырқауды алғып») 149
 Дұға («Өмірде ойға түсіп кем-кетігін») 166
 Дүтбайға («Жылуы жоқ бойының») 119
 «Домбыраға кол сокпа» 218
 «Ем таба алмай» 74
 Ескілік кімі («Ойланып, ойға кеттім жуз жылғы откен») 113
 «Ерекше естен кеппес қызық қайда?» 163
 Емен мен шілік («Шілік пен

емен бір күн сөйлесіпті») (И. А. Крыловтан) 181
 Есек пен бұлбұл («Тойған есек шөпті оттап маңайдағы») (И. А. Крыловтан) 184
 Есек («Қырық-елу қос бір жерден») 193
 «Есінде бар ма жас құнін» 194
 Жаксылыққа («Аяғынды аңдал бас, ей, Жаксылық!») 7
 «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» 13
 «Жігіттер, ойын арзан, құлқі қымбат» 23
 Жаз («Жаздығын шілде болғанда») 30
 «Желсіз тұнде жарық ай» 44
 Жігіт сөзі («Айттым сәлем, қалам қас») 57
 «Жастықтың оты, қайдасын» 61
 «Жарқ етпес кара көнілім не қылса да» 62
 Жазғытұры («Жазғытұры қалмайды қыстың сыйзы») 78
 «Жастықтың оты жалындан» 84
 Жұмбак («Алла мықты жаратқан сегіз батыр») 88
 Жұмбак («Кара жер адамзатқа болған мекен») 89
 Жұмбак («Сыналар, ей, жігіттер, келді жерін») 90
 «Жүрекім, ойбай, сокпа енді!» 92
 «Жақсылық ұзак тұрмайды» 101
 «Жас өспірім замандаға қапа қылды» 110
 «Жүректе қайрат болмаса» 172
 Жаманбаланың баласы өлгенде («Белгілі сөз: «өлді, өлді»») 173
 «Жолға шықтым бір жым-жырт тұнде жалғыз»



- (М. Ю. Лермонтовтан) 178
 Жарлы бай («Жаман үйде жалғыз шал») (И. А. Крыловтан) 183
 «Жүргегім менің кырық жамау» 195
 Жалау («Жалғыз жалау жалтылда») 201
 (М. Ю. Лермонтовтан) 202
 Жартас («Қонады бір күн жас бұлт») (М. Ю. Лермонтовтан) 202
 «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы» (Я. Полонскийден) 203
 «Жүргегім, нені сезесін» 204
 «Жапырағы қуарған ескі үмітпен» 210
 «Жүрек – теңіз, кызықтың бәрі – асыл тас» 215
 «Жалын мен оттан жаралып» 217
 «Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек» 225
 «Замана ақыр жастары» 83
 «Интернатта оқып жүр» 26
 «Кім екен деп келіп ем түйе қуған» 1
 «Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға» (Шиллер – Лермонтовтан) 8
 «Көнілім қайтты достан да, дұшпаннан да» 20
 Көкбайға («Сорлы Көкбай жылайды») 31
 Көжекбайға («Жамантайдын баласы Көжек деген») 32
 Күз («Сүр бұлт түсі суық қаптайды аспан») 39
 Күлембайға
 («Ұағалайқұмұссәләм») 42
 Көкбайға («Бұралып тұрып») (43)
 «Келдік талай жерге енді» 75
 «Кейде есер көніл құргырын» 77
 «Көзінен басқа ойы жок» 83

- «Көзімнің карасы» 86
 «Кешегі Оспан» 95
 «Күлімсіреп аспан тұр» 96
 «Көнілім менің қараңғы. Бол, бол, акын!» (Дж. Байрон – М. Ю. Лермонтовтан) 104
 «Кешегі Оспан ағасы» 127
 «Кешегі еткен ер Әбіш» 128
 «Көніл құсы құйқылжыр шартарапқа» 143
 «Көк ала бұлт сөгіліп» 145
 Күйісбайға («Дұғай сәлем жазамын Күйісбайға») 148
 «Көк тұған – алдындағы келер заман» 155
 «Күн артынан күн туар» 174
 «Күшік асырап, ит еттім» 197
 «Көлеңке басын ұзартып» 205
 «Көніл қүйі тағы да» (М. Ю. Лермонтовтан) 206
 «Күнді уақыт итеріп» (М. Ю. Лермонтовтан) 207
 «Қактаған ақ күмістей кен мандайлыш» 11
 «Қандай қызда ләззат бар жан татпаған?» 12
 «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» 15
 «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлгайды арман» 16
 «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап» 17
 «Қалың елім, казағым, қайран жұртый» 18
 «Қансонарда бүркітші шығады аңға» 29
 Қыс («Ак кімді, денелі, ақ сақалды») 41
 «Қор болды жаным» 55
 Қыз сөзі («Қиыстырып мақтайсыз») 58
 «Қажымаң дос халықта жок» 60
 Қара қатынға («Кара қатын дегенге,

- қара қатын») 64
 «Қызыарып, сұрланаңып» 85
 «Қайғы шығар ілімнен» 93
 «Қараңғы тұнде тау қалғып» (И. В. Гете – М. Ю. Лермонтовтан) 105
 «Қорқытпа мені дауылдан» (И. А. Буниннен) 107
 «Қарашада өмір тұр» 109
 Қыздарға («Койдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкен») 118
 «Қайтсе женіл болады жұрт билемек?» (М. Ю. Лермонтов үлгісімен) 119
 Қатыны мен Масакбай («Сырмак кып астына») 147
 Қанжар («Сүйкімді болат қанжар тұрсын жайнап») (М. Ю. Лермонтовтан) 153
 «Құр айғай бақырған» 158
 «Құлақтан кіріп, бойды алар» 162
 Қасиетті дұға («Өмірден телкі жесем жазығым жок») (М. Ю. Лермонтовтан) 167
 «Қуаты оттай бүркүрап» 169
 «Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп» 176
 Қазага ұрынған қара шекпен («Қорасына бір байдын») (И. А. Крыловтан) 182
 Қарға мен бүркіт («Қой жайылып жаздығун») (И. А. Крыловтан) 185
 Қарға мен тұлқі («Жұрт біледі, күледі») (И. А. Крыловтан) 189
 Қарға мен тұлқі («Боктықта талтаңдап») (И. А. Крыловтан) 190
 «Қуанбандар жастықка» 208
 Ленский сөзінен («Барасың қайда, қайда болмай маған») 71
 «Лай суға май бітпес қой өткенге» 124
 «Мәз болады болысың» 48
 «Мен жазбаймын өлеңді ермек



(М. Ю. Лермонтовтан) 106
 «Өлсө елер табиғат, адам өлмес» 125
 «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» 171

«Патша құдай, сыйындым» 24
 Піл мен қанден («Көшеде піл жетелеп біреу жүрді») (И. А. Крыловтан) 192
 «Рахат, мені тастап қоймадын тыныш» М. Ю. Лермонтовтан) 139
 Рахым шалға («Сұлу аттың көркі – жал») 146
 Разакқа («Мына үйде отыр Разак») 150
 «Сап, сап, көнілім, сап, көнілім!» 9
 «Сабырсыз, арсыз, еріншек» 34
 Серіз аяқ («Алыстан сермен») 50
 «Сәулен болса кеуденде» 51
 «Сен мені не етесің?» 56
 «Сұргылт тұман дым бүркіп» 97
 «Сагаттың шықылдағы емес ермек» 141
 «Сенбен жұртқа, тұрса да қанша мактап» 156
 «Соры қалың соққы жеген пышанамыз» 160
 «Сұм дүние тонап жатыр, ісін бар ма?» 170
 «Сүйсіне алмадым, сүймедім» 198

«Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да» 63
 Татьянаның Онегинге жазған хаты («Амал жоқ – қайттім білдірмей») 66
 Татьянаның жауабы («Тәнірі

қоскан жар едін сен») 70
 «Тайға міндік» 81
 Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі («Дүрілдеген наражай») (А. Мицкевичтен) 98
 Тұтқындағы батыр («Қараңғы үй терезесі – тұтқын орны») (М. Ю. Лермонтовтан) 120
 «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын» 121
 «Тұғызған ата-ана жок» 140
 Теректін сыйы («Acay Терек долданып, бұырқанып») (М. Ю. Лермонтовтан) 177
 «Тоты құс түсті көбелек» 213
 «Түбінде баянды енбек егін салған» 222
 «Ұяламын дегені көніл үшін» 209
 Шығыс ақындарынша («Йұзі – раушан, көзі – гәүһар») 2
 Шәрірке («Тұңлікбайдың қатыны, атың Шәріп») 5
 «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» 28
 Шайтан («Мұнлы шайтан – Құдайдың күған жаны») (М. Ю. Лермонтовтан) 179
 Шегіртке мен құмырсқа («Шырылдауық шегіртке») (И. А. Крыловтан) 186
 «Фзули, Шәмси, Сәйхали» 3
 «Ысытқан, сұытқан» 99
 «Ішім өлген, сыртым сау» 45

Аңдатпа 9
 Өлеңдері мен аудармалары

1855–1881

«Кім екен деп келіп ем түйе құған» 25
 Шығыс ақындарынша 26
 «Фзули, Шәмси, Сәйхали» 27
 Элифби 28
 Шәрірке 30
 Абыралыға 31
 Жақсылыққа 32
 «Кең жайлай – жалғыз бесік жас балаға» 33
 «Сап, сап, көнілім, сап, көнілім!» 34

1882

Бородино 39

1884

«Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» 43
 «Қандай қызда ләззат бар жан татпаған» 44

1885

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім» 47
 «Әм жабықтым, әм жалықтым» 48

1886

«Қартайдық, қайғы ойладық, үйқы сергек» 51
 «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» 53
 «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап» 55
 «Қалың елім, қазағым, қайран жұрттым» 56
 «Байлар жүр жиған малын қорғалатып» 57
 «Көнілім қайтты достан да, дұшпаннан да» 58
 «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ» 60
 «Бір дәурен кемді қүнге – бозбалалық» 61
 «Жігіттер, ойын арзан, құлқі қымбат» 63
 «Патша құдай, сыйындым» 68





«Базарға, қарап тұрсам, әркім барап»	69
«Интерната оқып жүр».....	70
«Фылым таптай мақтанба	73
«Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ»	76
«Қансонарда бүркітші шығады аңға»	78
Жаз	80
Көкбайға («Сорлы Көкбай жылайды»)	82
Көжекбайға	83
«Өткіншіті көп өмір кеткен өтіп»	84

1887

«Сабырсыз, арсыз, еріншек»	89
«Бөтөн елде бар болса»	92
«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы».....	98
Назарға	100

1888

«Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол»	103
Күз	105
«Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай»	107
Қыс	109
Күлембайға	110
Көкбайға	111
«Желсіз түнде жарық ай»	112
«Ішім өлген, сыртым сау»	113
«Болыс болдым, мінеки»	114
«Біреуден біреу артылса»	119
«Мәз болады болысың»	121
«Білімдіден шыққан сөз»	123
Серіз аяқ	125
«Сәулең болса кеуденде»	132
«Мен жазбаймын өленді ермек үшін»	134
«Әуелде бір сүйк мұз – ақыл зерек»	135
«Ғашықтық, құмарлық пен – ол екі жол»	136
«Қор boldы жаным»	137
«Сен мені не етесің?»	138
Жігіт сөзі	141
Қыз сөзі	143
«Білектей арқасында өрген бұрым»	145
«Қажымас дос халықта жоқ»	146
«Жастықтың оты, қайдасың»	147
«Жарқ етпес қара көнілім не қылса да»	148

«Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да»	149
Қара қатынға	150

1887–1889

Онегиннің сипаты («Жасынан түсін билеп, сыр бермеген»).....	153
Татьянаның Онегинге жазған хаты («Амал жоқ қайттым білдірмей»)	155
Онегиннің жауабы («Таңғажайып бұл қалай хат»)	158
Онегин сөзі («Хатынан жақсы ұғындым сөздің бәрін»).....	161
Онегиннің екінші хаты («Құп білемін, сізге жақпас»)	163
Татьяна жауабы («Тәңірі қосқан жар едің сен»)	166
Ленский сөзінен («Барасын қайда, қайда болмай маған»)	168
Онегиннің өлердегі сөзі («Жарым жақсы киім кіїп»)	169

1890

«Бай сейілді»	173
«Ем таба алмай»	175
«Келдік талай жерге енді»	177
«Өзгеге, көнілім, тоярсың»	179
«Кейде есер көніл күрғырың»	181
Жазғытұры	182
«Асқа, тойға баратұғын»	185
«Ата-анаға көз қуаныш	187
«Тайға міндік»	189

1891

«Заман ақыр жастары»	193
«Көзінен басқа ойы жоқ»	194
«Жастықтың оты жалындаپ»	195
«Қызырып, сұрланып»	197
«Көзімнің қарасы»	199
«Менсінбеуші ем наданды»	202
Жұмбак («Алла мықты жаратқан серіз батыр»)	204
Жұмбак («Қара жер адамзатқа болған мекен»)	205
Жұмбақ («Сыналар, ей, жігіттер, келді жерің»)	206

1892

«Не іздейсің, көнілім, не іздейсің?»	209
«Жүрегім, ойбай, соқпа енді!»	210
«Қайғы шығар ілімнен»	211



Оспанға («Жайнаған туың жығылмай»)	213
«Кешегі Оспан»	214
«Құлімсіреп аспан түр».....	216
«Сүрғылт тұмандым бүркіп».....	217

1892-1893

Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі.....	221
«Ысытқан, сүйтқан»	222
«Бойы бұлғаң»	223
«Жақсылық ұзақ тұрмайды»	225
Баймағамбетке қатынының атынан шығарылған	226
«Ал, сенейін, сенейін»	227
«Көңілім менің қараңғы. Бол, бол, ақын!».....	228
«Қараңғы түнде тау қалғып».....	229
«Өзіңе сенбе, жас ойшыл»	230
«Қорқытпа мені дауылдан».....	232

1894

«Антпенен тарқайды»	235
«Қарашада өмір түр».....	237
«Жас өспірім замандас қапа қылды»	238
«Ғашықтың тілі – тілсіз тіл».....	239
«Әсемпаз болма әр неге»	240
Ескілік киімі.....	241
Әбдірахман науқастанып жатқанда («Я, құдай, бере көр»).....	242
Әбдірахманға («Алланың рахматын»)	245
Әбдірахманға Кәкітай атынан хат («Тілім, саған айтайын»).....	246
Әбдірахманға Кәкітай атынан хат («Көзімнің нұрысыз»).....	248
Қыздарға	249
«Қайтсе жеңіл болады жүрт билемек?»	250
Тұтқындағы батыр («Қараңғы үй терезесі – тұтқын орны»)	251

1895

«Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын»	255
«Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей?»	256
«Балалық өлді, білдің бе?».....	258
«Лай суға май біттес қой өткенге».....	259
«Өлсө өлер табиғат, адам өлмес»	260
Әбдірахман өлгенде («Арғы атасы қажы еді»)	261
«Кешегі Оспан ағасы»	262
«Кешегі өткен ер Әбіш»	263



Әбдірахман өлгенде («Тұла бойың ұят-ар едің»)	264
Әбдірахман өліміне («Жиырма жеті жасында»)	265
Әбдірахман өліміне («Талаптың мініп тұлпарын»)	268
Әбдірахманға («Орынсызды айтпаған»)	269
Әбдірахман өлген соң өзіне айтқан жұбатуы («Берменген құлға, қайтесің»)	270
Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абайдың айтқан жұбатуы («Жылағанды тоқтатып»)	272
Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абай шығарып берген жоқтау («Айналайын, құдай-ау»)	275
«Көз жұмғанша дүниеден»	279
«Махаббат, достық қылуға»	281
«Рахат, мені тастап коймадың тыныш»	282

1896

«Малға достың мұңы жоқ малдан басқа».....	285
«Тұғызған ата-ана жоқ»	286
«Бір сұлу қызы тұрыпты хан қолында»	287
«Сағаттың шықылдагы емес ермек».....	289
«Көніл құсы қүйқылжыр шартараңқа»	290
«Адамның кейбір кездері»	292
«Көк ала бұлт сөгіліп»	293
Рахымшалға	294
Қатыны мен Масақбай	295
Күйісбайға	296
Дүйсенекұлға	297
Разақта	298
«Ғашықтың іздел тантыма»	299
Ой («Қарасам қайғыртар жүрт бұл заманғы»)	300
Қанжар («Сүйкімді болат қанжар, тұрсың жайнап»)	302
Альбомға («Сал демеймін сөзіме ықыласыңды»)	303

1897

«Көк тұман – алдыңдағы келер заман».....	311
«Сенбе жүртқа, тұрса да қанша мақтап»	313
«Алла деген сөз жеңіл»	314
«Құр айқай бақырған»	315
«Мен сәлем жазамын»	316
«Соры қалың соққы жеген пышанамыз»	317
Ғабидоллаға	318
«Құлақтан кіріп, бойды алар»	319
«Ерекше естен кетпес қызық қайда?»	320



«Босқа әуре боп келдің бе тағы мұнда?»	321
«Менің сырым, жігіттер, емес оңай»	324
Дүға («Өмірде ойға түсіп кем-кетігің»)	325
Қасиетті дүға («Өмірден тепкі жесем жазығым жоқ»)	326

1898

«Болды да партия»	329
«Қуаты оттай бұрқырап»	330
«Сүм дүние тонағ жатыр, ісің бар ма?»	331
«Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?»	332
«Жүректе қайрат болмаса»	333
Жаманбаланың баласы өлгенде	334
«Құн артынан құн туар»	335
«Ауру жүрек ақырын соғады жай»	336
«Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп»	337
Теректің сыйы («Асая Терек долданып, буырқанып»)	338
«Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз»	340
Шайтан («Мұнды шайтан – құдайдың қуған жаны»)	341
«Мен көрдім ұзын қайың құлағанын»	343
Емен мен шілік	344
Қазаға ұрынған қара шекпен	346
Жарлы бай	348
Есек пен бұлбұл	352
Қарға мен бұркіт	353
Шегіртке мен құмырска	355
Әншілер	357
Ала қойлар	358
Қарға мен тұлқі («Жұрт біледі, құледі»)	360
Қарға мен тұлқі («Боқтықта талтандап»)	362
Бақа мен өгіз	364
Піл мен қанден	366
Есек	367

1899

«Есінде бар ма жас күнің»	371
«Жүргім менің қырық жамау»	372
«Адам – бір боқ көтерген боқтың қабы»	373
«Күшік асырап, ит еттім»	374
«Сүйсіне алмадым, сүймедім»	375
Дүтбайға («Жылуы жоқ бойының»)	376
«Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен»)	377
Жалау («Жалғыз жалау жалтылдап»)	378



Жартас («Қонады бір күн жас бұлт»)	379
«Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы»	380

1900

«Жүрегім, нені сезесің»	383
«Қөлеңке басын ұзартып»	384
«Көңілдің қүйі тағы да»	385
«Құнді уақыт итеріп»	386

1901

«Қуанбаңдар жастыққа»	389
«Ұяламын дегені көніл үшін»	390
«Жапырағы қуарған ескі үмітпен»	391
«Осы қымыз қазаққа»	392
«Буынсыз тілің»	393

1902

«Тоты құс түсті көбелек»	397
«Алланың өзі де рас, сөзі де рас»	398
«Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас»	401
«Асая той, тентек жнын, опыр-топыр»	402

1903

«Жалын мен оттан жаралып»	405
---------------------------------	-----

Жылы белгісіз өлеңдер

«Домбыраға қол соқпа»	409
«Ойға түстім, толғандым»	410
«Мен боламын демендер»	412
«Ғалымнан надан артпас үққанменен»	413
«Түбінде баянды еңбек егін салған»	414
«Әйелің – Медет қызы, аты ырым»	415
«Бестегім, құтылдың ба Көтібақтан?»	416
«Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек»	417
Түсініктер	418
Шығармалардың алфавиттік көрсеткіші	629